

Мемлекетке ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымы мен өсімдік шаруашылығы өнімінің басқа да түрлерін сатқаны үшін алмастыра құрама жем сату нормасын реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 2 шілде 1992 ж. N 570. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Совхоздардың, колхоздардың, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, қожалық және басқа шаруашылықтардың өндіріс көлемін арттыруға және еңбекті барынша көп қажет ететін ауыл шаруашылығы дақылдарының сортты, буданды тұқымдары мен өсімдік шаруашылығының товарлы өнімінің басқа да түрлерін мемлекеттік ресурсқа сатуға материалдық мүдделілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1992 жылдың өнімінен бастап мемлекетке жүгерінің сортты және буданды тұқымын, оның будандары мен сорттарының аталық түрлерін, қант қызылшасының, майлы, жеміс дақылдары мен шөптердің тұқымын, сондай-ақ сыра қайнататын арпа, тұқымдық күріш, қарақұмық дәнін және өсімдік шаруашылығы өнімінің басқа да түрлерін қосымшаға сәйкес сатқаны үшін, меншік түріне қарамастан, колхоздарға, совхоздарға, қожалық, басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарына және ғылыми-зерттеу мекемелеріне республикалық қордан құрама жем мен дән қалдығын (күнжара) алмастыра сату көлемі белгіленсін.

2. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің, олардың тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарының, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындары оқу-тәжірибе шаруашылықтарының, совхоз-техникумдардың және элитті тұқым өсіретін шаруашылықтардың тікелей совхоздарға, колхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарына өсірілетін ауыл шаруашылық дақылдары мен жоғары репродукциялы шөптердің сортты және буданды тұқымын сатқаны үшін оларға алмастыра құрама жем сату осы қаулыда белгіленген мөлшерде жүзеге асырылсын.

3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚРМҚ-нің 1993.12.14. N 1250 қаулысымен.

4. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Фабрикалық қант қызылшасын өндіру мен сатып алуды арттыруда колхоздардың, совхоздардың, басқа да шаруашылықтардың және көлік ұйымдарының материалдық мүдделілігін

арттыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1991 жылғы 30 қыркүйектегі N 574 қаулысының 2 тармағы (Қазақ КСР ҚЖ, 1991 ж., N 22, 166 ст.) мынадай жаңа редакциямен берілсін:

"2. Қант заводтарына 1992 жылдың өнімінен бастап қызылша өсіретін шаруашылықтарға қалыптасқан баға бойынша фабрикалық қант қызылшасының мемлекетке сатылған әр центнері үшін 70 килограмнан жас сығынды және 1,5 килограмнан сірне сатуға рұқсат етілсін."

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 2 шілдедегі N 570

қаулысына

Қосымша

Мемлекетке ауыл шаруашылығы дақылдарының сортты және буданды тұқымын және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің басқа да түрлерін сатқаны үшін колхоздарға, совхоздарға, ғылыми-зерттеу мекемелеріне, қожалық және басқа да ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына құрама жем мен дән қалдығын алмастыра сату
Н о р м а с ы

(Кесте)